

«Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КЕАҚ

«БЕКІТЕМІН»

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе
өңірлік университетінің

Басқарма төрағасы-Ректор

Л.Ч.Карабасова

«01» ____07____ 2025 ж.

**БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫН
ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

Қызмет бабында пайдалануға арналған басылым

Ақтөбе, 2025 ж.

ОСЫ ЕРЕЖЕ ӘЗІРЛЕНДІ

Академиялық қызмет департаментінің директоры Бишекен С.К.

Ғылыми кеңестің шешімі негізінде (« 01 » 07 2025 ж., хаттама № 12)
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің ректорымен
БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ

ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ жаңасын ауыстырғанға дейін

4-НҰСҚАНЫҢ ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ

Осы Ереже Қ.Жұбанов атындағы АӨУ ректорының ресми рұқсатынсыз толық немесе ішінара қайта шығарылмайды, көбейтілмейді және ресми басылым ретінде таратылмайды.

Осы Ереже Қ.Жұбанов атындағы АӨУ ректорының ресми рұқсатымен үшінші тұлғаларға берілуі мүмкін.

1 ҚОЛДАНУ АЯСЫ

Осы Ереже білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

Осы Ереже университеттің білім алушылары, профессор-оқытушылары мен жауапты құрылымдары үшін орындауға міндетті болып табылады.

2 НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР

2.1 «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Қазақстан Республикасының Заңы.

2.2 Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары. ҚР БҒМ 20.04.2011 жылғы №152 бұйрығы.

2.3 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы.

2.4 Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. ҚР ҒЖБМ 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы.

2.5 Қ.Жұбанов атындағы АӨУ білім алушыларының, оқытушылары мен қызметкерлерінің академиялық адалдық кодексі (Ғылыми кеңестің шешімі, 12.08.2020 ж. №13 хаттама).

3 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

3.1 Ереже білім берудің кредиттік технологиясы бойынша университетте өзіндік жұмысты ұйымдастырудың ортақ талаптарын белгілейді.

3.2. Білім беру бағдарламасын толық игеруде кредиттік оқыту технологиясы жағдайында бағдарламаның үлкен бөлігі білім алушылар үшін өзіндік жұмыстардан тұрады. Өзіндік жұмыс білім алушының оқытушының жетекшілігімен өзіндік жұмысы (әрі қарай - БОӨЖ) және тікелей өзі атқаратын білім алушының өзіндік жұмысы (әрі қарай - БӨЖ) болып екіге бөлінеді. Пәнге бөлінген жалпы кредит көлемінің 22-27%-і БОӨЖ үшін оқытушының дербес жүктемесіне беріледі. Білім беру деңгейіне қарай оқытушының жетекшілігімен студенттің өзіндік жұмысы – ОСӨЖ, студенттердің өзіндік жұмысы – СӨЖ; оқытушының жетекшілігімен магистранттың өзіндік жұмысы – ОМӨЖ, магистранттардың өзіндік жұмысы – МӨЖ; оқытушының жетекшілігімен докторанттың өзіндік жұмысы – ОДӨЖ, докторанттардың өзіндік жұмысы –ДӨЖ;

3.3. Өзіндік жұмыс - оқытылатын пән аясында білім алушының алған білімін терең түсіну және оны жетілдіру де еркін сыни, креативті ойлау, ғылыми іздену, оқу-әдістемелік әдебиеттермен өз бетінше жұмыс жасау, дағдыларын қалыптастыратын білім алушының өзін-өзі дамытуға бағытталған оқу процесінің құрамдас бөлігі.

3.4 Оқытушының жетекшілігімен өзіндік жұмысы (әрі қарай - БОӨЖ) оқытушының бос уақытына қарай жасалған факультет деканымен бекітілген арнайы кесте бойынша ұйымдастырылады. Бұған білім алушылардың тапсырмаға сәйкес туындаған күрделі сұрақтар бойынша оқытушыдан кеңес алу немесе тиісті мерзімде орындалатын тапсырмаларды тапсыру жұмыстары

жатады. Оқытушы кестеге сәйкес аудиторияда болуға міндетті. Оқытушы кестеге сәйкес өз жүктемесіндегі білім беретін пәндер бойынша білім алушыларға кеңес беру, тапсырмаларды қабылдау жұмыстарын жүргізе алады. Оқытушыдан кеңес алу қажеттілігі болмаған жағдайда білім алушының кестеге сәйкес аудиторияда болуы міндетті емес.

3.5 Білім алушының өзіндік жұмысының түрлері:

- топтық жобалық проект – күрделі тақырып немесе тапсырма бойынша 3-5 білім алушының қатысуымен жоба дайындау;
- жеке жоба – дайындық деңгейі жоғары білім алушыларға арналған өзекті тақырып бойынша зерттеу жобасын дайындау;
- эссе – әр түрлі жанрларда сын, публицистика т.б. мәселеге қатысты өз пікірін жазбаша беру
- презентация – тақырып бойынша негізгі мәселелерді көрсете отырып слайд, бейнеролик түрінде жұмыс нәтижесін презентациялау
- мәнжазба – белгілі бір тақырып бойынша әдебиеттермен жұмыс жасау арқылы мәселеге жазбаша аналитикалық сипаттама беру;
- іскерлік ойындар – алдын-ала өзіндік дайындықты қажет ететін білім алушылардың болашақ кәсіби іс-әрекетіне қажетті дағдыларды қалыптастыруға бағытталған белгілі бір процестерді көрсету және т.б.

3.6 Өзіндік жұмыс түрлері білім алушыларға білім беру деңгейінің сатысына қарай әр пәннің күрделілігіне және оны оқытудың өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес ұсынылады.

3.7 Өзіндік жұмыс технологияларының элементтеріне жоспарлау, ұйымдастыру, кеңес беру, орындалуын бақылау және бағалау жатады.

3.8 Білім алушылардың өзіндік жұмысы факультетте деканат, кафедра және пән оқытушыларының қатысуымен үйлестіріледі.

4 ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

4.1 Пән бойынша өзіндік жұмысқа берілген әр аптадағы және жалпы сағат көлемі, сондай-ақ оқытушының білім алушыға қойылатын талаптарын, бағалау критерийлерін пәннің оқу бағдарламасында (силлабус) көрсетіледі.

4.2 Оқытушы білім алушыларға өзіндік жұмысты ұйымдастыру бойынша дереккөздері, оқу-әдебиеттері көрсетілген жұмыс түрлерін және тапсырмаларын және оны бағалау критерийлерін әзірлейді. Жұмыс түрлері мен тапсырмалары оқытылатын пән аясында білім алушының дәріс, семинар/практикалық, зертханалық сабақтарда алған білімін тереңдетіп, сыни, креативті ойлау, ғылыми іздену дағдыларын қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

4.3 Оқу процесі басталғанға дейін әр пән бойынша өзіндік жұмыс түрлері және оның материалдары кафедрада қаралып, мәжіліс хаттамасымен бекітіледі.

4.4 Оқытушы білім алушыға ұсынылатын өзіндік жұмыс түрлерін және оны орындау мерзімі көрсетілген тапсырмаларды автоматтандырылған

жүйеге «Пәннің оқу-әдістемелік кешені» ұяшығы арқылы сабақ түрлері бойынша «СОӨЖ/СӨЖ» бөлігіне алдын-ала жүктейді.

4.5 Оқытушы білім алушыларға өзіндік жұмыс материалдарына қатысты күделі тапсырмалар бойынша кестеге сәйкес кеңестер береді және тапсырмалардың орындалуын бақылайды.

4.6 Білім алушы өзінің дербес логин/паролі арқылы автоматтандырылған жүйеден БӨЖ материалдарымен танысып немесе оқытушыдан тікелей алып тапсырмаларды орындауға міндетті.

4.7 Диспетчерлік қызмет орталығы білім алушылар мен профессор-оқытушылардың сабақтан бос екі жаққа да тиімді уақытқа сай БОӨЖ кестесін жасақтап бекітеді.

5 ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

5.1 Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу білім беру саласындағы заңнамалық актілерге, нормативтік құжаттарға және университетішілік ережелерге сәйкес жүргізіледі.

5.2 Өзгерген жағдайда университеттегі күші жойылған Ереженің барлық даналары алынып, жаңа ережелермен ауыстырылуы тиіс.

КЕЛІСІЛДІ:

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор

Л.Н.Мясникова